

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі № 850 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1060 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 20 ақпандағы № 96 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.02.2026 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі № 850 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 25, 267-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар республикалық микроорганизмдер коллекциясының функцияларын жүзеге асыратын органдар болып белгіленсін:

өнеркәсіптік микроорганизмдер бойынша - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштары бойынша - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Масфұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Масфұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Ветеринария

бойынша ұлттық референттік орталық" мемлекеттік мекемесі аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының депозитарийлері болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Ұлттық биотехнология орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны өнеркәсіптік микроорганизмдердің депозитарийлері болып белгіленсін .".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ